



«Бекітемін»

Мектеп директоры:

М.Ж. Дүйсенбаев

«Келісемін»

Оку ісінің орынбасары

А.Б.Абдуайтова

«Қаралды»

Педагогикалық кеңесте

Хаттама № 1 «8» 08 2022

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Мектепке дейінгі «Қарлығаш» аралас топ 5 жас

Тәрбиеші: Арии Кенжегул

2022-2023 оку жылы

Түсінік хат

«Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың ұлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 09 қыркүйектегі №394 бұйрығына 1-қосымша және Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» негізінде жасалды.

Оқу жұмыс жоспары мектепке дейінгі мектепалды даярлық сыныптарының ерекшелігін ескере отырып, білім беру мекемесінде білім беру процесін ұйымдастырудың нормативтік құжаты болып табылады.

Тәрбие-білім беру процесі балалардың коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеу қабілеттерін дамытуға, дene бітімін дамытуға, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығына қосымша, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндеттін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығына 1-қосымша, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың ұлгілік оқу бағдарламасын іске асыру үшін балалар қызметінің әртүрлі түрлері арқылы ойын түрінде ұйымдастырылған іс-әрекетті интеграциялау арқылы жүзеге асырылады.. Мектептің мектепалды даярлық сыныбы үшін нормативтік жүктеме аптасына 20 сағатты құрайды. Мектепалды даярлық сыныптарының білім беру үрдісі перспективалық жоспарға, циклограммаға сәйкес жүзеге асырылады. Перспективалық жоспар «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың ұлгілік оқу бағдарламасы» негізінде құралған.

Әр бір ұйымдастырылған іс-әрекеттің арасындағы ұзіліс ұзактығы 10-12 минут болуы қажет, бұл кезде бірқалыпты қарқындылықпен қимыл-қозғалыс ойындары ұйымдастырылады.

1-ші қыркүйектен 25-ші мамырға дейін – Ұлгілік бағдарлама мазмұнын игеру кезеңі; «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбілер үйлеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидаларын бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 17 тамыздағы №615 бұйрығына сәйкес құрастырылған.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2022 – 2023 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру үйимы: «Беловодское ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

Топ: «Карлығаш» аралас тобы

Балалардың жасы : 5 жастағы

Жоспардың құрылу кезеңі: қыркүйек айы, **2022- 2023** оқу жылы.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қыркүйек 2022 ж.	Дене шынықтыру	<p>Жалпы дамытушы жаттыгулар. "Қол кеуденің алдында" қалпынан қолды жаңына қарай созу, "қолды желкеге қою" қалпынан қолды жоғары көтеру және жаңына қарай созу; қол саусақтарын айқастыру "құлып", алға-жоғары көтеру (алақанды сыртқа қарай айналдыру); қолды бір мезгілде жоғары-артқа және кезектесіп көтеруге үйрету.</p> <p>Негізгі құмылдар:</p> <p>Жұру. Сапта бір қатармен, аяқтын ұшымен, өкшемен жүргүре жаттықтыру;</p> <p>Жүгіру. Шашырап; жұптасып, бір қатармен, заттарды аттап жүгіруге үйрету,</p> <p>Секіру. Бір орында тұрып, алға қарай 3–4 м қашықтыққа жылжу арқылы секіруге үйрету,</p> <p>Лактыру, қағып алу, домалату. Қос қолмен допты жоғары, жіптің үстінен лактыру, допты еденнен ыршытып жоғары лактырып, қос қолмен қағып алуға жаттықтыру (4–5 рет).</p> <p>Еңбектеу,өрмелуе. Биіктігі 40 см жіптің астынан қолды еденге тигізбей, бүйірімен еңбектеу, гимнастикалық орындық үстінде ішпен еңбектеуге үйрету.</p> <p>Тепе-тендік сақтау. Заттардан аттап жұру, шектелген беткей үстімен адымдал, аяқ ұшымен жүргүре үйрету.</p> <p>Сапқа тұру,сап құрылымын өзгертіп қайта тұру. Сапқа бір, екі, үш қатармен тұру, сап түзеуден бір және екі, үш қатармен қайта тұруға жаттықтыру.</p>
	Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дыбыстарды дұрыс, анық айтуды бекіту, айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз б – п, дыбыстарын естүі бойынша ажыратуға және анық айтуда үйрету;</p> <p>Сөздік қор. Балалардың сөздік қорын тұрмыстық заттарды білдіретін зат есімдермен, заттардың қасиеттері мен сапасын сипаттайтын сын есімдермен, адамдардың қарым-қатынасын, олардың еңбекке қатынасын білдіретін үстеулермен байыту.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы. Тұбірлес сөздерді жасау және қолдану біліктерін дамыту.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Тындау және тілді түсіну дағдыларын қалыптастыру, диалог түрінде сөйлеуге үйрету.</p> <p>Шығармашылық сөйлеу қызметі. Ересектердің көмегімен әнгіменің жалғасын және соңын ойдан шығаруға үйрету;</p>

Көркем әдебиет	<p>Оқу,әңгімелеу.Шығармалардың эмоционалды-бейнелік мазмұнын қабылдауға, баяндау сипатын сезінуге баулу.</p> <p>Мәнерлеп оқу.Балаларды дауыс ыргағымен мәнерлей оқи отыра үйрету.</p> <p>Мазмұндау.Сюжеттік бірізділікті сақтай отырып мазмұндауға үйрету.</p> <p>Шығармашылық әңгімелеу.Тәрбиешінің әңгімесінің жалғасы мен сонын ойлап таба білуге үйрету.</p> <p>Балаларды театр мәдениетіне баулу.Балалардың театр ойындарына оң көзқарастарын қалыптастыру.</p>
Саят ашу негіздері	<p>Біліктілік пен дағыларды қалыптастыру: Сөз" және "дыбыс" терминдері туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру.</p>
Қазақ тілі	<p>Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру.. Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту</p>
Математика негіздері	<p>Жиын.Сандар түрлі жиындардың көрсеткіштері екендігі және жиын түрлі элементтерден құрылатындығы жайлы түсінігін дамыту.</p> <p>Сан және санау.Математикалық терминдерді қолдана білуді, 6 саны көлеміндегі сан мен цифр туралы ұғымдарын қалыптастыру, оларды тану және атай білуді үйрету.</p> <p>Шама.Заттардың (5 және одан артық) ұзындығын, биіктігін, ені мен жуандығын белгілей білуге, заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыруға үйрету. Шамасы бойынша заттардың арасындағы катынастарды білдіретін математикалық терминдерді қолдану.</p> <p>Геометриялық фигуранлар.Дөңгелек және тіктөртбұрышпен салыстыру арқылы сопақшамен таныстыру.</p> <p>Кеңістікті бағдарлау.Заттың кеңістікте орналасуын үйрету (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде);</p> <p>Уақытты бағдарлау.Таңертең, тұс, кеш, түн мезгілдері тәулікті құрайтыны туралы ұғымдарын қалыптастыру.</p> <p>Салмақты өлшеу. Заттардың салмағын өлшеміне қарай алдымен қарама-қарсы көрсеткішпен тең және тең еместігін алақанына салып өлшеп анықтауға үйрету.</p>
Қоршаған ортамен таныстыру	<p>Бала, оның отбасы, үйі.Тұстық байланыс, өзінің жасын, толық аты-жөнін, тегін, ата- анасының, отбасы мүшелерінің аты-жөнін, балабақша, топ атауын, нөмірін айта білу, үйден балабақшаға дейінгі жолды анықтау туралы түсініктерін қалыптастыру;</p> <p>Заттар әлемі, кеңістікте бағдарлау.Заттар, олардың белгілері мен ерекшеліктері туралы ұғымдарын қалыптастыру. Балалардың сөйлеу тіліне түрлі заттардың атауларын нақтыладап, енгізу, таныс емес заттардың қолданылуын түсіндіру.</p> <p>Көлік , байланыскұралдары.Көлік құралдарының көп түрлілігі, белгілі жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықтары жайлы түсінік беру;</p> <p>Ересектердің енбегі.Әртүрлі мамандық иелері туралы, еңбектің мазмұны, сипаты және еңбек нәтижесінің маңызы туралы үйрету.</p> <p>Менің Отаным- Қазақстан. Еліміздің рәміздері.Отан туралы, мемлекеттік және халықтық мерекелер, еліміздің рәміздері туралы білімдерін кеңейту.</p> <p>Қазақстан Республикасының әскери.Ел қорғаудың ардақты міндет екендігін түсіндіру арқылы Қазақстан Республикасы әскери туралы түсініктерін кеңейту.</p> <p>Жолда жүру ережелері.Балалардың жолдың жүріс бөлігі, осътік сызық туралы ұғымдарын бекіту.</p>

Құрастыру	Біліктілік пен дағдыларды қалыптастыру: Құрылым материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру. Құрастыру бөлшектерінің негізгі бөліктерін және оған тән бөлшектерін анықтай білуге үйрету. Қағаздан құрастыру. Қағазды ортасынан, төртке бөліп бүктеуге, түрлі бағытта, тегістеп бүктей білуге үйрету. Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру. Табиғи және қалдық материалдардың түрлерімен таныстыру.
Сурет салу	Заттық сурет салу. Балаларды елестету және заттарға қарап гүлдер, көкөністер, жемістер, ойыншықтар, күрделі емес сұлбаларды өздеріне тән ерекшеліктерін бере отырып салу дағдыларын қалыптастыру. Сәндік сурет салу. Тұзу, ирек, жінішке, жалпақ сзыбыктарды, түрлі көлемдегі дөңгелектерді, жақпаларды, нүктелерді ырғакты орналастыра отырып, қарапайым пішіндерде өрнектерді құрастыра білу іскерліктерін бекіту. Түрлі өлшемдегі өрнекті элементтерді үйлестіру, ақ және түрлі түсті қолдана отырып, түстерді таңдауды қолдануға үйрету; Сюжеттік сурет салу. Бейнелерді бүкіл параққа, бір сзыбыктың бойына, жалпақ жолақшаға орналастыру біліктерін қалыптастыру.
Мүсіндеу	Заттық мүсіндеу. Балаларды затқа қарап немесе көз алдарына елестету арқылы көлемі мен пішіні әртүрлі таныс заттарды, көкөністер мен жемістерге тән ерекше бөліктерді бейнелеуде барлық қол білектері мен саусақтарын дұрыс қозғалту техникасын сақтай отырып, мүсіндеуге үйрету. Сәндік мүсіндеу. Балаларды халық ойыншықтарымен таныстыру, ойыншықтарды мүсіндеуге үйрету. Сюжеттік мүсіндеу. Балаларды мүсіндеудің таныс әдістерін қолдануды және заттардың өлшемдік қатынастарын бере білуге жаттықтыру. Бейнениң ерекше қасиетін, адамның қимылын анық көрсетуге, сырт келбетін әдемі безендіруге үйрету.
Жапсыру	Заттық жапсыру. Балалардың қайшыны қолдану біліктерін бекіту: жолақшаларды тікбұрыштар етіп қиу, шаршыларды үшбұрышты етіп қиу, шаршы немесе тікбұрыштың шеттерін қиу арқылы дөңгелек пен сопақша пішіндерді қиып алуға үйрету. Сәндік жапсыру. Түрлі пішіндердегі қағазда таныс геометриялық элементтерден өрнек құрастыруды үйрету; Сюжеттік жапсыру. Балаларға қағазға заттарды орналастыру дағдыларын үйрету. Жапсыруларды құрастыру барысында объектілердің көлемі бойынша қатынасын, заттардың бөліктерінің пішінін, құрылымын, қатынастарын көре білу іскерліктерін менгерту.
Музыка	Музыка тыңдау: Шығармалардың эмоционалдық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін, әсерлі реңктерін ажырату. Ән айту: Дауысы мен есту қабілеттерін дамытуға арналған жаттығуларда киын емес әуендерді 2–3 жақын үндестікте дауысын дәл келтіріп орындауға үйрету . Музыкалық-ырғактық қозғалыстар. Музыка сипатын анық ырғакты жүріспен, музыканың ширақ сипатын женіл, ырғакты жүгіріспен беру жаттығуларын орындауға үйрету. Ойындар, хороводтар. Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау: қол ұстасып шенберде айтылатын әндермен шеңберді айналып жүргүре үйрету. Би шығармашылығы. Әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау, халық биін үрену арқылы көркем мұраның кейбір элементтерімен таныстыру.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2022 - 2023 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру үйимы: «Беловодское ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

Топ: «Карлығаш» аралас тобы

Балалардың жасы : 5 жастағы

Жоспардың құрылу кезеңі: қазан айы, **2022- 2023** оқу жылы.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Казан 2022 ж.	Дене шынықтыру	<p>Негізгі қимылдар:</p> <p>Жүру. Сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүру.</p> <p>Тепе-тендік сақтау. Заттардан аттап жүру, шектелген жазықтықтың үстімен қосалқы қадаммен, аяқтың үшімен жүру.</p> <p>Жүгіру. Шашырап, жүппен жүгіру.</p> <p>Еңбектеу, өрмелеу. Жүру мен жүгіруді алмастырып, заттардың арасымен «жыланша» төрттагандап еңбектеу.</p> <p>Секіру. Бір орында тұрып, алға қарай 3–4 м қашықтыққа жылжу арқылы секіру.</p> <p>Лақтыру, қағып алу, домалату. Допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру және екі қолымен, бір қолымен (он және сол қолын алмастыру) қағып алу.</p> <p>Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру. Сапқа бір, екіден тұруға үйрету.</p> <p>Музыкалық –ырғақтық қимылдар: Таныс дене жаттығуларын музика әуенімен әсем және ырғақты орындау.</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығулар.</p> <p>Кол және иық белдеуіне арналған жаттығулар. Қолды кеуде тұсына қою, екі жаққа созу;</p> <p>Кеудеге арналған жаттығулар. Допты жоғарыдан (алға және артқа) бір-біріне беру.</p> <p>Қолдың күшін жетілдіруге арналған жаттығулар. 3–5 метр қашықтықта екі қолын жерге қойып, жүру (бір бала екінші баланы аяғынан ұстайды).</p> <p>Іштің бұлышық еттеріне арналған жаттығулар. екі бала жұптасып жасайды: бірінші бала қолын желкесіне қойып, шалқасынан жатып, денесін көтереді, екінші бала оның аяғына отырады (5–6 рет);</p> <p>Арқаға арналған жаттығулар. Отрып алға, артқа еңкею (5–6 рет)</p> <p>Спорттық жаттығулар. Дене шынықтыру мен спортқа қызығушылықты ояту және дене шынықтырумен, спортпен айналысуға баулу.</p>

	<p>Спорттық ойындар. Футбол элементтері. Берілген бағытқа допты оң және сол аяқпен тебу. Допты заттарды айналдыра жүргізу. Допты қақпаға тебу. Допты бірнеше рет аяқпен қабырғаға тебу.</p> <p>Қымылды ойындар. Інта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қымылды ойындарды өз бетінше үйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қымылды ойындарды ойнату. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу.</p> <p>Дербес қымыл белсенділігі. Қымылды ойынның дамуына ықпал ететін әртүрлі құралдар мен спорттық жабдықтары бар органы құру.</p> <p>Салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Адам ағzasы және оның қызметінің ерекшеліктері туралы түсініктерді кеңейту. Балалардың назарын ағzasы мен денсаулығының ерекшеліктеріне аудару.</p> <p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.</p> <p>Сауықтыру-шынықтыру шаралары. Жергілікті шаралардың температурасын біртіндеп төмендете отырып, карапайым су шараларын өз бетінше жүргізуге дағдыландыру</p>
Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Ана тіліндегі дауысты жіне айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз г –ғ дыбыстарды дұрыс , анық айтуды үйрету.</p> <p>Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау(басы). Артикуляциялық жаттығулар жасау. Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану: дауыс қарқынын реттеу.</p> <p>Сөздік қор. Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолдану, белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білу.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру. Етістіктерді жалғаулармен қолдану.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Эңгімелесушіні мұқият тыңдал, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу.</p> <p>Шығармашылық сөйлеу қызметі. Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығаруға дағдыландыру.</p>
Көркем әдебиет	<p>Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға, театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту.</p> <p>Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату, тілдің көркемдігін сезіну (әпитеттер, сипаттамалар, образды сөздер), шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау.</p>
Саят ашу негіздері	Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу. Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау.
Қазақ тілі	Тілдік дамытушы орта.

	<p>Тұған өлкенің көрнекі жерлері, әсем табиғаты, тарихи орындары туралы суреттер, фотолар, альбомдармен жабдықталған орта құру.</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</p> <p>Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соны).</p> <p>Сөздік қор.</p> <p>Азық-түлік атауларын (бидай, құріш, арпа, жүгері, талқан, тары, жент, құрт, сұзбе, шұбат, қымыз, айран), аңшылық қасіпті (аң, аңшы, орманшы, қорықшы) сөздермен толықтыру.</p> <p>Тілдің grammatikaлық құрылымы Сөздерді жіктең, тәуелден, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру.</p>
	<p>Тілдік дамытушы орта. Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен, киім-кешегімен, азық-түлік өндірудегі тұрмыстық қасібімен, тұрмыста, аң аулауда, мал өсіруде және егіншілікке қажетті құрал жабдықтары альбомдармен жабдықталған орта құру.</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алушы және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, һ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуга дағдыландыру.</p> <p>Сөздік қор. Қазақ халқы қолөнер шеберлерімен жасалған киіз үйдің заттарын және тұрмыстық заттарды білдіретін (кереге, уық, шаңырақ, ағаш керует, кебеже, сандық, кілем, сырмақ, алаша, ши, бау, басқұр, арқан, жіп) сөздермен толықтыру.</p>
Математика негіздері	<p>Жиын. Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден (түсі, өлшемі,) құру, жиындарды бөліктерге бөлу және оларды қайта біріктіру .</p> <p>Сан және санау. 10 көлеміндегі сандарды тұра және кері санауға жаттықтыру. Көрнекілік арқылы 7, сандарының пайда болуымен, «Қанша?», «Нешінші?» сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беру.</p> <p>Шама. Заттардың (5 және одан артық) ұзындығын, анықтай білу, заттарды шамасына қарай есу және кему ретімен орналастыру. Заттарды әртүрлі белгілері бойынша (түсі) салыстыру білуге үйрету.</p> <p>Геометриялық фигуralар. Шеңбермен және тіктөртбұрышпен салыстыру арқылы сопақша пішінмен таныстыру.</p> <p>Кеңістікті бағдарлау. Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта); қозғалыс бағыттары: сол жақтан он жаққа,</p> <p>Уақытты бағдарлау. Әртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің, тәуелік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту.</p>
Коршаған ортамен таныстыру	<p>Бала, оның отбасы, үйі. Өзінің жасына сәйкес өмірінде болатын өзгерістерді, балабақшаға баруы, мектепке баруы, ересек азамат болып ержетуі мен енбек етуі, болашакта табысты болуы үшін білімнің қажеттігін түсінуіне, болашакта мектепте оқуға ынтасын арттыру, жаңаны тануға, өз өміріне қажетті дағдыларды игеруге ықпал ету.</p> <p>Заттар әлемі, кеңістікті бағдарлау. Заттар, олардың белгілерін нақтылау және бейтаныс заттардың қолданылуын түсіну. Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өзбетінше анықтау және талдау, олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттау.</p> <p>Үй-жайларда, балабақша ауласында, жақын мандағы шағын ауданда еркін бағдарлай білу.</p>

	<p>Көлік , байланыс құралдары. Арнайы көлік құралдарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын түсіну, ұялы телефон, смартфон, компьютер, ғаламтор, теледидар және т.б. қолданылуын білу, оларды қолдануда қауіпсіздікті сақтау.</p> <p>Еңбекке баулу. Әртүрлі мамандықтар, еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын, түсіну.</p> <p>Адамгершілікке баулу. Балаларды адамгершілік құндылықтарға, өз іс-әрекеттері мен басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалай білуге, өзінің іс-әрекетіне басқалар пікірін білдірген жағдайда ол пікірді дұрыс қабылдауға, өз ісіне адап болуға, еңбек етуде, шығармашылық әрекеттерде нәтижеге жетуге үмтүлуга, сеніп тапсырған тапсырмаларды жауапкершілікпен орындауға, айналасындағыларға әрқашан әділ болуға, оларға қолдау көрсетуге, көмек беруге, жалған сөйлемеуге, үлкендерді сыйлауға, кішіге қамқор болуға баулу.</p> <p>Менің Отаным- Қазақстан. Тұған өлкे, ел, Отан, мемлекеттік мерекелер, Қазақстан Республикасының рәміздерін, Қазақстан Республикасының Президенті, оның халық үшін атқаратын қызметінің маңыздылығын түсіну. Мемлекеттік Өнүранды жатқа білу, оның маңыздылығын түсіну. Мемлекеттік мерекелердің (Тәуелсіздік, Республика күні, жана жыл, Наурыз, ғарышкерлер, аналар мерекесі, Отан қорғаушылар, балалар, астана күні) маңыздылығын түсіну, оларға белсенді қатысу.</p> <p>Жол қозғалысы ережелері. Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау. Жол белгілерін (жұру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар) білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту. Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілер мен велосипедшілердің қозғалыс ережелерін сақтау. «Балалар», «трамвай аялдамасы», «автобус аялдамасы», «жаяу жүргіншілер жолы», «велосипед жолы» белгілерін білу.</p> <p>Табиғатпен таныстыру. Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту. «Өлі табиғат» ұғымымен таныстыру (су, ауа, мұз сұңғілері, күн, бұлт, қар, тастар, жел, жаңбыр); өлі табиғат заттарын адамның қолымен жасалған заттардан ажыратада білу.</p> <p>Өсімдіктер әлемі. Тұған өлкенің өсімдіктері (агаштар, бұталар, гүлдер, шөпті өсімдіктер) туралы түсініктерін кеңейту, «орман», «шалғын» және «бақша» ұғымдарымен таныстыру. Нанға ұқыпты қарауға, бидайды өсіруге және өндіруге қатысадын адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.</p> <p>Жануарлар әлемі. Қазақстан аумағын мекендейтін жануарлар мен олардың төлдерін атау және олардың өздеріне тән белгілері бойынша ажырату.</p>
Құрастыру	<p>Құрылыш материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру: ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқабайланысты құрастыру.</p> <p>Қағаздан құрастыру. Дайын үлгілермен және қарапайым сыйза бойынша жұмыс істеу, бейнені кескіні бойынша киу үшін қайшыны қолдану.</p> <p>Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру. Табиғи материалдарды дұрыс пайдалануға үйрету.</p>
Сурет салу	Парақта кеңістікегі заттардың қалпын беру, заттардың жазықтықта әртүрлі орналасуы мүмкін екендігін түсіндіру (тұрады, жатады және қалпын өзгерте алады), тірі табиғат заттарының бейнелерін күрделі емес қимылдар мен қалыптар арқылы беру (өсімдіктер, жануарлар, құстар).
Мүсіндеу	Сазбалышқ, ермексаз және пластикалық массадан мүсіндеудің ерекшеліктерін білу. Шынайы бейнесіне қарап және ойдан пішіндері мен өлшемі әртүрлі таныс заттарды: көкөністерді, жемістерді,

	оыйншықтарды, ыдыстарды мұсіндеу, оларға тән ерекшеліктерді беру, қолдың және саусақтардың қимылдарын жетілдіру, қарапайым пропорцияларды сақтай отырып, адам мен жануардың пішіндерін мұсіндеу. Жұмысты ұқыпты орындау, заттарды жинау, қауіпсіздік ережелерін сақтау.
Жапсыру	Қайшыны қолдануды бекіту: жолақтардан тікбұрышты пішіндер, шаршылардан үшбұрышты пішіндер қиып алу. Қайшы мен желімді дұрыс қолдану, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау.
Музыка	<p>Музыка тыңдау.Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажыратада білуге үйрету. Музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айтуда.</p> <p>Ән айту.Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру.</p> <p>Музыкалық-ырғактық қозғалыстар.Музыканың және оның бөліктегі сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғакты жүргүмен; музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғакпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу.</p> <p>Би қимылдарын: қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді менгеру.</p> <p>Би шығармашылығы.Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналай; шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру.</p> <p>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау.Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу.Музыкалық (дауылпаз, асатаяқ) және шулы аспаптарда ойнау тәсілдерімен таныстыру.</p>

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2022 - 2023 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру үйимы: «Беловодское ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

Топ: «Карлығаш» аралас тобы

Балалардың жасы : 5 жастағы

Жоспардың құрылу кезеңі: қараша айы, **2022- 2023** оқу жылы.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Караша 2022 ж.	Дене шынықтыру	<p>Негізгі қимылдар:</p> <p>Жүру. Аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүру; тізені жоғары көтеріп жүру.</p> <p>Тепе-тендік сақтау. Скамейканың үстіне қойылған текшелерден аттап жүру.</p> <p>Жүгіру. Қатармен бір-бірден, екеуден жүгіру.</p> <p>Еңбектеу, өрмелеу. Кедергілер арасынан еңбектеу.</p> <p>Секіру. Екі тізенің арасына қашықты қысып алыпсекіру.</p> <p>Лақтыру, қағып алу, домалату. Допты бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалату.</p> <p>Сапқа тұру, сап түзеу , сапқа қайта тұру. Үш қатармен тұру.</p> <p>Музыкалық –ыргақтық қимылдар: Қимылдардың ыргағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру.</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығулар.</p> <p>Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар. Қолды қеуде тұсына қою, екі жаққа созу;</p> <p>Кеудеге арналған жаттығулар. Қолды алға көтеріп онға, солға бұрылу.</p> <p>Қолдың күшін жетілдіруге арналған жаттығулар. 3-5 метр қашықтықта екі қолын жерге қойып, жүру (бір бала екінші баланы аяғынан ұстайды).</p> <p>Іштің бұлшық еттеріне арналған жаттығулар. Екі бала жұптасып жасайды: бірінші бала қолын желкесіне қойып, шалқасынан жатып, денесін көтереді, екінші бала оның аяғына отырады (5-6 рет)</p> <p>Арқаға арналған жаттығулар. Стретчинг элементтері бар жаттығуларды орында</p> <p>Спорттық жаттығулар. Спорт түрлерімінаныстыруды жалғастыру. Спорт залда және спорт алаңында қауіпсіздікті сақтауға баулу.</p> <p>Спорттық ойындар. Бадминтон. Воланды ракеткамен белгілі бір жаққа бағыттай отырып лақтыру.</p> <p>Қимылды ойындар. Үлттық қимылды ойндарды ойнату.</p>

	<p>Дербес қымыл белсенділігі. Балалардың құрдастарымен қымылды ойындарды өзбетінше үйымдастыруына жағдай жасау.</p> <p>Салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Балалардың назарын ағзасы мен денсаулығының ерекшеліктеріне аудару. Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: дұрыс тамақтану, қымылдар, ұйқы және күн, ауа мен су және денсаулыққа зиян келтіретін факторлар туралы түсініктерді көңейту.</p> <p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол - аяқтарын жуу, тіс тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл шүберекпен сүртіну. Осы шараларды жүргізуің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.</p> <p>Сауықтыру-шынықтыру шаралары. Балалардың денсаулықтарын, шынықтыру құралдарының әсерлеріне бейімделу деңгейін ескеріп, қарама-қарсы температурадағы сумен шайыну.</p>
Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Ана тіліндегі дауысты жіне айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз к – қ дыбыстарды дұрыс , анық айтуды үйрету.</p> <p>Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау(басы, ортасы). Артикуляциялық жаттығулар жасау. Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану: дауыс қарқынын реттеу.</p> <p>Сөздік қор. Алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану және түсіну, оларды сөйлегенде белсенді қолдану дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөйлемдердегі сөздерді: сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру. Сөйлеу әдебін, жай және жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру;</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстаяу, әдепті және сабырлы болу.</p> <p>Шығармашылық сөйлеу қызметі. Бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру.</p>
Көркем әдебиет	Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қысынды қайталап айтып беру, диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру.
Саят ашу негіздері	Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау. Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету.
Қазақ тілі	<p>Тілдік дамытушы орта.</p> <p>Тұған өлкенің көрнекі жерлері, әсем табигаты, тарихи орындары туралы суреттер, фотолар, альбомдармен жабдықталған орта құру.</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</p> <p>Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соны).</p> <p>Сөздік қор.</p> <p>Азық-тұлік атауларын (бидай, күріш, арпа, жүгері, талқан, тары, жент, құрт, сұзбе, шұбат, қымыз, айран), аңшылық кәсіпті (аң, аңшы, орманшы, корықшы) сөздермен толықтыру.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы Сөздерді жіктең, тәуелденеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру.</p>

Математика негіздері	<p>Жиын. Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден (пішіні) құру, бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнату.</p> <p>Сан және санау. 10 көлеміндегі сандарды тұра және кері санауға жаттықтыру. Көрнекілік арқылы 8, сандарының пайда болуымен, «Қанша?», «Нешінші?» сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беру.</p> <p>Шама. Заттардың (5 және одан артық) биіктігін анықтай білу, заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыру. Заттарды әртүрлі белгілері бойынша (пішіні) салыстыра білуге үйрету.</p> <p>Геометриялық фигураналар. Геометриялық фигураналар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру.</p> <p>Кеңістікті бағдарлау. Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (он жақта); қозгалыс бағыттары: сол жақтан он жаққа, он жақтан сол жаққа.</p> <p>Уақытты бағдарлау. Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атаяу.</p>
Коршаған ортамен тәнисстыру	<p>Бала, оның отбасы, үйі. Өзінің болашағына, біліміне, деңсаулығына, қызметіне, жетістіктеріне сенімді болуға, қоғамға пайдасын тигізуге баулу.</p> <p>Заттар әлемі, кеңістікті бағдарлау. Заттар, олардың белгілерін нақтылау және бейтансыз заттардың қолданылуын түсіну. Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өзбетінше анықтау және талдау, олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттау.</p> <p>Үй-жайларда, балабақша ауласында, жақын маңдағы шағын ауданда еркін бағдарлай білу.</p> <p>Көлік, байланысқұралдары. Арнайы көлік құралдарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын түсіну, ұялы телефон, смартфон, компьютер, ғаламтор, теледидар және т.б. қолданылуын білу, оларды қолдануда қауіпсіздікті сақтау.</p> <p>Еңбекке баулу. Ата-ана еңбегін түсіну, адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқау. Адамгершілікке баулу. Балаларды адамгершілік құндылықтарға, өз іс-әрекеттері мен басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалай білуге, өзінің іс-әрекетіне басқалар пікірін білдірген жағдайда ол пікірді дұрыс қабылдауға, өз ісіне адал болуға, еңбек етуде, шығармашылық әрекеттерде нәтижеге жетуге үмтүлуга, сеніп тапсырған тапсырмаларды жауапкершілікпен орындауға, айналасындағыларға әрқашан әділ болуға, оларға қолдау көрсетуге, көмек беруге, жалған сөйлемеуге, үлкендерді сыйлауға, кішіге қамқор болуға баулу.</p> <p>Менін Отаным- Қазақстан. Тұған өлкө, ел, Отан, мемлекеттік мерекелер, Қазақстан Республикасының рәміздерін, Қазақстан Республикасының Президенті, оның халық үшін атқаратын қызметінің маңыздылығын түсіну. Мемлекеттік Әнұранды жатқа білу, оның маңыздылығын түсіну. Мемлекеттік мерекелердің (Тәуелсіздік, Республика күні, жаңа жыл, Наурыз, ғарышкерлер, аналар мерекесі, Отан қорғаушылар, балалар, астана күні) маңыздылығын түсіну, оларға белсенді қатысу.</p> <p>Жол қозгалысы ережелері. Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау. Жол белгілерін (жұру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар) білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту. Жол қозгалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілер мен велосипедшілердің қозгалыс ережелерін сақтау. «Балалар», «трамвай аялдамасы», «автобус аялдамасы», «жаяу жүргіншілер жолы», «велосипед жолы» белгілерін білу.</p> <p>Табиғатпен тәнисстыру. Тірі және өлі табиғат, табиғат құбылыстары (маусым, өсімдік, адам еңбегі) арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және түсіну.</p>

	<p>Өсімдіктер әлемі. Өсімдіктердің тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату: өсімдік жапырақтары, сабактарының қозғалуы, гүлдердің күн шыққанда жапырақтарының ашылуы және кешке жабылуы, тамырдың суды сорып, сабағы арқылы су өткізіп, басқа бөліктерін қоректендіруі, өсімдіктердің өсуі үшін ылғалдың, жарықтың, жылу мен тыңайтқыштың қажеттігі олардың жылуды, сұқты, күнді немесе бұлтты ауа-райын сезуі, олардың өсуі және көбеюі.</p> <p>Жануарлар әлемі. Бақылау арқылы төрт түліктің пайдасын білу, оларды күтіп-баптау, жылдың әр мезгілінде олардың сыртқы түрі мен тіршілік ету ерекшеліктерін сипаттау, жыл құстары мен қытайтын құстарды ажырата білу, құстардың пайдасы туралы білу, оларға қамқорлық жасау.</p>
Құрастыру	<p>Құрылым материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру: өзбетінше ойдан құрастыруғабаулу.</p> <p>Қағаздан құрастыру. Қағаздан құрастыру әдістерін қолданып, жазық материалды көлемді пішінге өзгерте білуді бекіту.</p> <p>Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру.</p> <p>Табиғи және қалдық материалдармен жұмыс жасау кезінде өзінің әрекетін жоспарлау дағдыларын жетілдіру.</p>
Сурет салу	Заттардың пішіндеріне, бөліктердің салыстырмалы өлшеміне және олардың орналасуына сүйене отырып, түстер мен олардың реңктерін беру, негізгі пішінді, заттар мен олардың бөліктерінің пропорцияларын мәнерлеп жеткізе білу, түстерді өз қалауы бойынша тандау.
Мұсіндеу	Бақылаған заттың бейнесін бере білу, затты әртүрлі қалыптарда мұсіндеу, пішіннің бетін дымқыл шұберекпен тегістеу және кескішті пайдалану. Жұмыстың ұқыпты орындау, заттарды жинау, қауіпсіздік ережелерін сақтау.
Жапсыру	Қайшыны қолдануды бекіту: шаршы немесе тікбұрыштың бұрыштарын қиу арқылы дөңгелек және сопақша пішіндерді қып алу. Қайшы мен желімді дұрыс қолдану, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау.
Музыка	<p>Музыка тыңдау. Музыканың сипатын бейненің мазмұнымен, оның көңіл-күйімен байланыстыра білуді қалыптастыру.</p> <p>Ән айту. Ән айту дағдыларын қалыптастыру, бірінші октаваның «ре», екінші октаваның «до» диапазонда жеңіл дауыспен ән айту.</p> <p>Музыкалық-ырғактық қозғалыстар. Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес құмылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғакты жүрумен; музыканың құмыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу.</p> <p>Би қимылдарын: қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді менгеру.</p> <p>Би шығармашылығы. Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау; шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру.</p> <p>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау. Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу. Музыкалық (сазсырнай, тұяқтас) және шулы аспаптарда ойнау тәсілдерімен таныстыру.</p>

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2022 - 2023 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: «Беловодское ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

Топ: «Карлығаш» аралас тобы

Балалардың жасы : 5 жастағы

Жоспардың құрылу кезеңі: желтоқсан айы, **2022- 2023** оқу жылы.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Желтоқсан 2022 ж.	Дене шынықтыру	<p>Негізгі қимылдар:</p> <p>Жүру. Тізені жоғары көтеріп жүру, заттардан бір қырымен аттап жүру</p> <p>Тепе-тендік сақтау. Арқан бойымен бір қырымен, қосалқы қадаммен (өкшені арқанға, аяқ ұшын еденге қою) жүру</p> <p>Жүгіру. Үшеуден тізені жоғары көтеріп жүгіру.</p> <p>Еңбектеу, өрмелеву. Допты басымен итеріп еңбектеу.</p> <p>Секіру. Тұзу бағытта (арақашықтығы 6 м) кос аяқпен секіру.</p> <p>Лақтыру, қағып алу, домалату. Допты қабырғаға лақтыру және екі қолымен қағып алу.</p> <p>Сапқа тұру, сап түзеу , сапқа қайта тұру. Сапқа бір, екі, уш қатармен тұру, бір-бірінің жанына тұру.</p> <p>Музыкалық –ырғактық қимылдар: Қимылдардың ыргағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығулар.</p> <p>Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар. Қолды жоғары көтеру және екі жаққа созу.</p> <p>Кеудеге арналған жаттығулар. Гимнастикалық қабырғаға қарап тұрып, белінің тұсындағы тақтайшаны ұстап, алға еңкею.</p> <p>Қолдың күшін жетілдіруге арналған жаттығулар. 3-5 метр қашықтықта екі қолын жерге қойып, жүру (бір бала екінші баланы аяғынан ұстайды).</p> <p>Іштің бұлшық еттеріне арналған жаттығулар. Екі бала жүптасып жасайды: бірінші бала қолын желкесіне қойып, шалқасынан жатып, денесін көтереді, екінші бала оның аяғына отырады (5-6 рет)</p> <p>Арқаға арналған жаттығулар. Қолдың көмегімен етпетінен жатып еңбектеу (3 метр)</p> <p>Спорттық жаттығулар. Шанамен сырғанау. Бір-бірін шанамен сырғанату, тәбешіктен бір-бірлеп және екі-екіден шанамен сырғанау;</p> <p>Спорттық ойындар. Баскетбол элементтері. Кеуде тұсынан екі қолымен допты бір-біріне лақтыру. Допты он және</p>

	<p>сол қолмен алып жүргуге жаттықтыру.</p> <p>Қымылды ойындар. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу.</p> <p>Дербес қымыл белсенділігі. Балалардың құрдастарымен қымылды ойындарды өзбетінше ұйымдастыруына жағдай жасау, олардың жарыстар ұйымдастыруға деген белсенділігін қолдау.</p> <p>Салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Адамның денсаулығы дұрыс тамақтануға байланысты еkenі туралы түсініктерді жетілдіру</p> <p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру. Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау.</p> <p>Сауықтыру-шынықтыру шаралары. Таңтеңгі жаттығуды орындауға қызығушылық тудыру, dene бітімін қалыптастыру және аяқтың өкшелерін нығайту.</p>
Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Ана тіліндегі дауысты жіне айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз ж – ш дыбыстарды дұрыс , анық айтуды үйрету.</p> <p>Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау(басы, ортасы, соңы). Артикуляциялық жаттығулар жасау. Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану: логикалық үзілісті реттеу.</p> <p>Сөздік қор. Зат есімдер мен жалпылаушы сөздерді дұрыс қолдану білуді дамыту.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы. Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы) ажыратып, сейлегенде қолдана білуді дамыту.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білуге жаттықтыру.</p> <p>Шығармашылық сөйлеу қызметі. Өзара байланысты бірізді сюжет құрастыруға жаттықтыру.</p>
Көркем әдебиет	<p>Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну.</p> <p>Шығарма мазмұнын сюжеттіңбірізділігін сақтай отырып, қисынды қайталап айтып беру.</p> <p>Өлеңді жатқа,мәнерлеп,интонациямен айтып беру.</p>
Саят ашу негіздері	<p>Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (грамматикалық анықтамасыз)</p> <p>Сөйлем сөздерден тұратынын түсіну.</p> <p>Сөйлемдерді ауызша талдау.</p> <p>Сөздерді дыбыстық талдау.Сөздегі дыбыстың ретін,дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау.</p>
